

2020 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы

Ақмола облысы Біржан сал ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 17 қыркүйектегі № а-8/223 қаулысы. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 21 қыркүйекте № 8030 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі "Білім туралы" Заңы 6-бабының 4-тармағының 8-1) тармақшасына сәйкес, Біржан сал ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса берілген 2020 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, ата-ана төлемақысының мөлшері бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары О.Т. Ахметоваға жүктелсін.

3. Осы қаулы Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді, ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және 2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап туындаған құқықтық қатынастарға таратылады

Біржан сал ауданының әкімі

Е.Нугманов

Біржан сал аудан әкімдігінің
2020 жылғы 17 қыркүйектегі
№ а-8/223 қаулысымен
бекітілген

2020 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, ата-ана төлемақысының мөлшері

№	Мектепке дейінгі білім беру ұйымның түрі	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының тәрбиеленушілер саны		Бір тәрбиеленушіге айына жұмсалатын шығындардың орташа құны (теңге)		Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарындағы айына ата-ана төлемақысының мөлшері (теңге)	
		мемлекеттік	жеке меншік	мемлекеттік	жеке меншік	мемлекеттік	жеке меншік
1.	Біржан сал ауданының білім бөлімінің "Күншуақ" балабақшасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	100	0	23620	0	үш жасқа дейін – 10000, үш жастан жоғары – 11000	0
2.	Біржан сал ауданы білім бөлімінің "Балдырған"	60	0	28996	0	үш жасқа дейін – 10000,	0

	балабақшасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны					үш жастан жоғары – 11000	
3.	Біржан сал ауданының білім бөлімінің "Айгөлек" балабақшасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	37	0	26643	0	үш жастан жоғары – 11000	0
4.	Балалар жарты күн болатын мектеп жанындағы шағын орталық	410	0	6819	0	0	0
5.	Балалар толық күн болатын мектеп жанындағы шағын орталық	175	0	13468,2	0	үш жасқа дейін – 10000, үш жастан жоғары – 11000	0

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК